

Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 1275 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Shearman & Sterling" және "King & Spalding" компаниялары Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімді одан әрі іске асыруға байланысты даулы мәселелер бойынша тәуелсіз заңи сараптамалар жүргізу жөніндегі маңызды стратегиялық мәні бар қызметтер көрсетуді берушілер болып белгіленсін.

2. "Bayphase International Ltd." компаниясы:

"Қашаған" кен орнының қорларын есептеуді жүргізу;

"Қашаған" кен орнын игеру жоспарының жобасында және игеру бюджетінде Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім бойынша Мердігер ұсынған негізгі параметрлерді бағалау және талдау;

Басқарушы Комитет бекітпеген 1998-2000 жылдардағы кезең үшін Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім бойынша Мұнай Операцияларының Шоттарын тексеру жөнінде маңызды стратегиялық мәні бар қызметтер көрсетуді беруші болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" ЖАҚ-пен бірлесіп (келісім бойынша), заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген компаниялармен қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасуды;

осы қаулыға сәйкес қызметтер көрсетуді сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

жүргізілген тәуелсіз сараптамаларды ескере отырып, Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім бойынша Мердігермен келіссөздер жүргізу нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етуді;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С. Школьникке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК